

**Астана қаласы әкімдігінің «Темірбек Жүргенов атындағы
№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
№1 педагогикалық кеңес отырысы хаттамасының көшірмесі**

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және адамгершілік – құқықтық тәрбие беруді қалыптастыру»

Мақсаты: Педагогтерге адам құқықтары жайлы түсініктер, «жемқорлық», «сыбайластық» деген ұғымды еркін түсіндіру. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, кеңейту.

Өткізілген орны: №70 мектеп-лицей мәжіліс залы

Өткізілу түрі: педкеңес.

Өткізілген күні: 27.08.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі;
2. Мектеп ұжымы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жастарды жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу.

Тыңдалды:

Алғашқы сөзді мектеп-лицей директоры Г.П.Байменова алып, бүгінгі жиналыста қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

Жастардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы туралы түсіндірді. Жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны, елдің дамуына кедергі болатын фактор екені атап өтілді. Жастардың жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру мақсатында мектепте түрлі іс-шаралар (адалдық сағаты, сурет көрмесі, пікірталас, эссе байқауы) өткізу жоспарланды. Оқушылар тақырыпқа белсенді қатысып, өз пікірлерін ортаға салды. Олардың көпшілігі адал болу, пара бермеу, заңды бұзбау – әр азаматтың парызы екенін айтты.

Келесі мәселе бойынша Келесі мәселе бойынша ДТІЖО Г.А.Мукатова сынып жетекшісі сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу туралы баяндама жасады. Сыбайлас жемқорлық – заңға қайшы әрекет екенін және оған барған адам жауапкершілікке тартылатыны туралы айтылды. Құқықтық ақпарат беріліп, ҚР Қылмыстық кодексіндегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты баптар қысқаша түсіндірілді. Оқушыларға мектепте және күнделікті өмірде парақорлыққа, таныстыққа және әділетсіздікке жол бермеу қажеттігі ескертілді. Бұл әрекеттерге қарсы тұру – әр адамның міндеті екені атап өтілді.

ШЕШІМ:

1. Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың заңдық жауапкершілігі туралы ақпарат беру және құқықтық сауаттылықты арттыру.
2. Әр оқушы өз өмірінде адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануға міндетті екенін білуі керек.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



Г. Байменова
Ж. Тазабекова